

Тереңкөл ауылының Ленин көшесін ауыстыру туралы

Павлодар облысы Қашыр ауданы Тереңкөл ауылдық округ әкімінің 2010 жылғы 1 шілдедегі N 23 шешімі. Павлодар облысы Қашыр ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 шілдеде N 12-8-88 тіркелген

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына сәйкес, тұрғындардың пікірін есепке ала отыра **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Тереңкөл ауылының Ленин көшесін Тәуелсіздік көшесіне ауыстырылсын.
2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң күшіне енеді.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Тереңкөл ауылдық округінің әкімі *М. Омаров*